

«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін?
Балабақша мейгерушісі:
Л. Бакешова



Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
Айғабыл А.Айғабыл

«Аналар мектебі»

«Біртұтас тәрбие»

«Оюхан «мектепалды тобы

*Тәрбиесі: А.Айғабыл
Д.Шекеева*

«Біртұмас тәрбие» бағдарлама аясында

«Аналар мектебі»

Тәрбиеші: Айгабыл А.Шекеева.Д

Мектепалды «Оюхан» тобы

Өтілген күні: 06.11.2024ж

АНАЛАР МЕКТЕБІНІҢ МАҚСАТЫ:

- Отбасылық құндылықтарды дәріптеу;
- Ұлттық құндылықтарды насхаттау;
- Болашақ үрпақты тәрбиелеуде аналарға әлеуметтік қолдау көрсету;
- Аналарды белсенді түрде мектеп, қосымша білім беру оміріне қатыстырып, байланысын нығайту.
- Аналарға кез келген шыгармашылық-білім бастамаларында қолдау көрсету.

«Аналар мектебі» жалпы патриотизмді, толеранттылықты және этносаралық келісімді, үрпақтар сабактастығын, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды нығайту және сақтауга өзіндік үлесін қосып келеді. Қазіргі қогамда балаларды тәрбиелеудің маңыздылығын ескере отырып, балабақшада кез келген шыгармашылық-білім беру ісінде аналарды қолдау мақсатында "Аналар мектебі" жобасы жүзеге асуда. Жоба аясында тақырыптық кездесулер, экскурсиялар, медиа тұлғалармен бірге қызықты, пайдалы шеберлік сағаттары және т. б. іс-шаралар бекітілген. Аналар білімді және дені сау үрпақты тәрбиелеуге бағытталған көптеген жобалар мен іс-шараларды ұйымдастырады. Балабақшада 40астам белсенді аналар бар.

«Аналар мектебінің» қатарын көбейту мақсатында сараймыздың белсенді аналарын жобамызға шақыру жүмыстары жүргізілуде.

Жаңа оқу жылының басталуына орай оқушылар сарайының «Аналар мектебінің» ұйымдастыруымен қазақтың салт-дәстүрін насхаттан жүрген «Қазына» ансамблі өнер көрсетіл, балаларды құттықтап, жаңа оқу жылында зейіндері ашилып жетістіктері көп болуларына тілекtes болды.

Аналар «Біртұмас тәрбие» атты дөңгелек үстел басында ой-пікірлерімен алмасты. Сондай-ақ, «Арт-дизайн» бөлімінің «Киім модельдеу, пішу және тігу», «Моншақ пен тоқу » үйірмелерінің көрсетілім сабактарын тамашалады.

Құлақ тесу


Халқымыз қызы баланың құлагын тесіп, сырға салады. Бойжеткенниң немесе балигат жасына толған қыздың құлагын тесу үшін жеңгелері мен әпкелері жиналады. Құлақты біраз уқалап, жсанын көтіріп, сосын инемен тесетін болған. Құлагын тесу – қызы бала оміріндегі маңызды күндердің бірі. Үлкендер құлагы тесілген қыздарға «Сен енді сырғалы қызысың» деп, бойжеткен ретінде қараган.

Шаш өру

Қазақ халқы шашы кесілген қыздың бақыты кесіледі деп ырымдал, кішкентай күнінен қыздың шашын қимаган. Ал шаш өру дәстүрі жай гана қыздың шашын жинап қою үшін емес, өзінің магынасымен қадірлі. Мысалы, тұрмысқа шықпаган қыздар шашын тек бір өрім етіп жүрген деген деректер бар. Ал тұрмысқа шығып, келін атанғанда шашын екі боліп, өреді деседі. Энциклопедиялық деректерде бағзы заманда еріне опасыздық жасаған немесе оте ауыр қылмыс істеген әйелдердің бұрымын кесу жазасы қолданылыпты.

Әдетте ұзын шашқа тағылатын шолпы мен шашбаудың айырмашылығы қандай?

Құрылымы жағынан шағын болып келетін **шолпы** өзара біріктірілетін қозғалмалы бөлшектер: құлтырма маржан тізбектерінен, Ресей тыныдарынан (жалған теңгелер де жарайды), жартылай қуыс не жалпақ, селдір медальондардан, күміске




орнатаулған түрлі тастан құралады.

Шолпы әшекейімен таныстыру

Ал **шашбау** болса, шолпыдан ұзындығымен ерекшеленеді. Ол күміс шынжырлардан немесе жілтен, жібек баудан жасалып, маржан

моншақтармен, сәндік әшекей бөлшектерімен безендірілген таспабаулардан тұрады.

Шолпы шаштың ұшына тағылатын болса, шашбау бұрымның түбіне ілінеді немесе шашпен бірге өріліп, бұрымға сән беріп тұрады. Кейде шашбау қара баудан жасалып, шашты ұзын әрі қалың етіп корсету үшін қолданылады.



Шашбау бұйымымен таныстыру

Шашбаудың да, шолпының да әшекей бұйымнан бөлек, өзіндік ерекше мақсаты болған. Бұларды оқи отырып, қазақтың даналығына еріксіз тәнті боласың.


- *Коңыраулы шолпы таққан қыздар қатты күлсө, шолпы сыңғырлап, оқыс қимылдарға тосқауыл болған.*
- *Шолпы арқаны түзу ұстап, сәнді жүрүруді үйрететін модель мектебінің рөлін атқарған.*
- *Шолпының ауыр салмағы басты ауырттай, емдік қасиетке ие болған.*
- *Шолпы, шашбау сыңғыры қыз баланың үйге қарай келе жатқанынан хабар беріп, улкендер жинақтала бастаган.*
- *Шолпы салмағының әсерінен шаш ұзын бол өскен.*
- *Шолпыны да, шашбауды да бұрым тарқатылмай жинақы болып тұру үшін таққан.*

Ұзын шаш қазақ түсінігінде айрықша киелі нәрсе болған. Сондықтан шаш өруге де айрықша дайындықпен келген. Шашқа тағылатын әшекей сыйлаганда бір-біріне "Шашың ұзын, қалың болсын!" деген тілек айтқан.

«Аналар мектебінің» мүшелеріде осы байқауды қолдау мақсатында шеберлік сабактар мен көрмеге қатысты.

Осындай жобалардың аясында сахнада бірге өнер көрсетуі, әр түрлі пікірталас туғызатын дөңгелек устелдерде, кездесулерде аналар мен балалардың бірге қатысуы отбасылық қарым-қатынасты ныгайта түсуде.

«Нұрай» жеке балабақшасы



0юхан МАДтобы «Аналар мектебі» 07.11.2024 Тәрбиеші: Шекеевә Д.



«Нұрай» жеке балабақшасында
Бір тұтас тәрбие аясындағы іс-шара
апталығы
2024-25 оқу жылы

Анықтама

Тәрбиеші: Шекеева

«Оюхан» мектепалды тобы

Тақырыбы: «Қыз еркем анасымен көркем»

Аналар мектебінің жұмысы

*Балабақшада аналар мектебінің жұмысы үйымдастырылды
Ана мен бала арасында отбасылық құндылықты насхаттау барысында
тәрбиелік манызы бар жұмыс көрсетілді.*

*Балалардың өнерлерімен дайындықтары өте жақсы. Дайындалған жасалған
бүйімдар, олардың ерекшеліктерін көрсетті.*

*Шаш өру, шашбау жасау олардың қасиеттерімен таныстыру барысында
аналардың қыз баласына тәрбиелік аясында жұмыстық көре алдық*

*Аналардың белсенді түрде балабақша өміріне қатыстырып байланысты
нығайту.*

Әдіскер: Айгабыл